

"Мал шаруашылығы саласындағы бюджеттік субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № А-4/174 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № А-1/598 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 желтоқсанда № 6251 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № А-2/49 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 30.01.2018 № А-2/49 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мал шаруашылығы саласындағы бюджеттік субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № А-4/174 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5944 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 11 мамырда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

М.Мырзалин

Ақмола облысы әкімдігінің
2017 жылғы 25 желтоқсандағы
№ А-1/598 қаулысына
қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің
2017 жылғы 28 сәуірдегі

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялаудың көлемі	Субсидиялаудың сомасы, мың теңге
Етті мал шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу			
1.1	Тауарлы аналық бас			
1)	Базалық норматив	бас	59 467	594 670,0
	Қосымша норматив			
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	19 251	154 008,0
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	7 475	44 850,0
1.2	Асыл тұқымды аналық бас			
1)	Базалық норматив	бас	17 319	173 190,0
	Қосымша норматив			
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	4 126	82 520,0
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	3 088	46 320,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу			
		бас	2 254	332 237,955
Барлығы				1 427 795,955
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Асыл тұқымды аналық бас			
1)	Базалық норматив	бас	6 862	68 620,0
	Қосымша норматив			
2)	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	2 360	47 200,0
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	772	11 580,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу			
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	382	63 527,196
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал			
	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	491	73 650,0
Барлығы				264 577,196
Мал шаруашылығы				
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	4 869	19 977,507
2.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	361	36 100,0

Барлығы				56 077,507
Етті құс шаруашылығы				
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	129 768	77 860,8
Барлығы				77 860,8
Қой шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	4 936	7 404,0
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу			
1)	тұсақтар	бас	102	816,0
2)	тұқымдық қошқарлар	бас	110	1 894,5
Барлығы				10 114,5
Жылқы шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	27	2 700,0
Барлығы				2 700,0
Ешкі шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды мал сатып алу	бас	334	22 378,0
Барлығы				22 378,0
Жиыны				1 861 503,958